

**ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТЕР ДОСТАСТЫҒЫ МЕМЛЕКЕТТЕРІ БАСШЫЛАРЫ  
КЕҢЕСІНІҢ ЖӘНЕ ҮКІМЕТТЕРІ БАСШЫЛАРЫ КЕҢЕСІНІҢ 1993 ЖЫЛҒЫ 23-24  
ЖЕЛТОҚСАНДА АШГАБАТ ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН МӘЖІЛІСТЕРІНДЕ  
ҚАБЫЛДАНГАН МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДЕР МЕН ШЕШІМДЕРДІ ЖУЗЕГЕ  
АСЫРУ ТУРАЛЫ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 7 қантар 1994 ж. N 39

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Экономика министрлігі, Әділет министрлігі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттерінің басшылары мен үкіметтерінің басшылары қол қойған тиісті мемлекетаралық келісімдерді белгіленген тәртіппен бекітуге ұсынатын болсын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Әділет министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, басқа да министрліктер мен ведомстволар Экономикалық одақ құру туралы Шарттың ережелерін жүзеге асыру туралы келісімдердің жобаларын әзірлеу және даярлауға қатысу жөніндегі жұмысты жалғастырсын.

3. Министрліктер мен ведомстволар қабылданған мемлекетаралық

келісімдер мен шешімдердің жүзеге асырылуын ұйымдастыратын болсын, қосымшаға сәйкес материалдардың Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне мезгілінде даярланып, табыс етілуін қамтамасыз ететін болсын.

4. Шешімдердің жүзеге асырылуына, сондай-ақ Экономикалық одақ құру туралы Шарттың ережелерін жүзеге асыру жөніндегі келісімдер жобаларының әзірленуіне бақылау жасау Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының тиісті бөлімдеріне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 7 қантардағы  
N 39 қаулысына

## Қосымша

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттері басшылары Кеңесінің және үкіметтері басшылары Кеңесінің 1993 жылғы 23-24 желтоқсанда Ашғабат қаласында өткен мәжілістерінде қабылданған мемлекетаралық келісімдер мен шешімдерді жүзеге асыру жөніндегі құжаттардың жобаларын әзірлеудің Жоспар-графигі (Кесте)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК